Гүлнар Дәукенова

ОТЫРАР кітапханасы

Р2007
301к



Өлке баспасы
"ӨЛКЕ" БАСПАСЫ

# Сағындым сағым жылдар

**Гүлнар Даукенова**

# *Сағындым сағым жылдар*

Алматы
Өлке баспасы
2006

ББК 85. 94 я 438
С 14

*Қазақстан Республикасының Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
бағдарламасы бойынша шығарылды*

С 14 **Даукенова Г.**
**Сағындым сағым жылдар**/*Лирикалық әндердің мәтіндері мен ноталары, партитуралар.* – Алматы, «Өлке», 2006. – 128 бет.

ISBN 9965-742-83-9

*Назарларыңызға ұсынылып отырған жинаққа Қазақстанның еңбек сіңірген артисі композитор Гүлнар Даукенованың шоқтығы бөлек, әуені әдемі, болмысы ұлттық, тұнық сезімінен туған, жанға жылы, жүрекке жағымды әндері мен күйлері кірді.*

**ББК 85. 94 я 438**

С $\frac{4905000000}{00\ (05)\text{-}06}$

ISBN 9965-742-83-9

© Даукенова Г., 2006
© «Өлке» баспасы, 2006

# Талассыз талант

*Қазіргі қазақ өнерінің қай саласында да талантты қыздарымыз аз емес. Солардың ішінде шоқтығы биік, әуені әдемі, әуезі әсерлі, айтары айқын, болмысы ұлттық, тұнық сезімнен туған мөлдір әндердің авторы Гүлнар Даукенованың алғашқы шығармашылық жинағына алғы сөз жазып, батамды беруді ғанибет санаймын.*

*Гүлнар Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданында менің есімім берілген аудандық музыка мектебінің түлегі. Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ республикалық домбырашылар сайысында жүйрік атанған Гүлнар, Алматының П.И.Чайковский атындағы музыка училищесінде бапталып, Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияда қанатын қомдады. Содан бері ширек ғасыр табан аудармастан бір ұжымда – таланттар тоғысқан Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптары оркестрінде жемісті еңбек етіп келеді. Осында шеберлігі шыңдалды, оның терең музыкалық білімі, жинаған мол кәсіби тәжірибесі табиғи талантын жарқырай ашты. Үлкен адамгершілік қасиеттерден нәр алған сергек сезім тума талanттың жанын тербеп, тұңғиықтан туындап, Гүлнарды танымал композитор етті.*

*Алғашқы тырнақалдысы «Жасай бер, Қазақстаным!» күйі еді, оған мың толқыған тартымды би қойылды. «Сағындым сағым жылдар», «Қайран уақыт», «Әппақ қарлар», «Өмірлік әнім болшы», «Күрең күз» және басқа да сырлы сезімді, терең толғанысты туындылары ел аузындағы әндерге айналды. Тыңдарманды бейтарап қалдырмайтын осындай тамаша ән-романстары мен күй-поэмалары қазақ өнерінің асыл қазынасын толықтырды.*

*Талапшыл жан талғампаз келеді. Гүлнардың қазақтың өрнегі өзіндік бірегей ақындарымен шығармашылық байланысы осыны көрсетеді. М.Мақатаев, Қ.Мырза-Әли, Ф.Оңғарсынова, Ш.Сариев, Ә.Асылбеков, Ә.Нілібаев сынды иірімі терең аға-апаларының сыршыл да сұлу өміршең өлеңдеріне жазылған әндерін жұртшылық жылы қабылдағаны ақын мен композитор таланттары әдемі қабысқанының, бірін-бірі лайықты толықтырғанының жақсы мысалы.*

*Талассыз талант, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі композитор қарындасыма баспадан шыққалы тұрған тұңғыш жинағың құтты болсын, өнер тұлпарың сүрінбесін, халқыңды шырайлы да шұрайлы, шабытты шығармаларыңмен қуанта бер деген ағалық ақ тілеу батамды беремін.*

**Еркеғали** РАХМАДИЕВ,
композитор, КСРО халық артисі,
Қазақстан мемлекеттік сыйлығының
иегері, профессор.

# САҒЫНДЫМ, САҒЫМ ЖЫЛДАР

**Сөзі Ш. Сариевтікі**




*2*

*Сағындым сағым күндер,*
*Сағынсам жаным гүлдер.*
*Өмірдің көшінен,*
*Мен бәлкім кешігем,*
*Сағынып кеш қалармын.*
*Балалық көктемім,*
*Қамығып өткенін,*
*Аңсаумен еске алармын.*

*3*

*Сағындым сағым жылдар,*
*Өттің-ау ағып жылдар.*
*Баладай алаңсыз,*
*Баянды, баянсыз,*
*Тағдырға бағынумен.*
*Оралып келе алмай,*
*Қимасты көре алмай,*
*Күн кештім сағынумен.*

# ҚАЙРАН УАҚЫТ!

**Сөзі Ш. Сариевтікі**




**2**

*Қайран уақыт өзіңмен қатар жүрдім,*
*Шұғыласын көп көрдім батар күннің.*
*Құпиялы өмірге қадам басқан,*
*Әр күнімді бақытты сапар білдім.*

**3**

*Қайран уақыт кел бері сырласалық,*
*Көңілден шер тарқатып мұңдасалық.*
*Бірге жүрген күндерді біз тойлайық,*
*Екі келмес дүние бір жасалық.*

# КҮРЕҢ КҮЗ

**Сөзі М. Мақатаевтікі**




*2*

*Жыртылып жатыр күрең жер,*
*Күрең жер тозған кілемдер.*
*Күрең тау, анау күрең бел,*
*Күрең бел жиған кілемдер.*
*Жаз келер және жап-жасыл,*
*Жасауын жердің түгендер.*

*3*

*Қош енді, қош бол, күрең күз,*
*Ақ қысты тез деп жібергіз.*
*Ақ қыстай әппақ бір елміз,*
*Шиығып біраз жүрерміз.*
*Шынығып өмір сүрерміз,*
*Қош енді, қош бол, күрең күз.*

# АНАШЫМ

**Сөзі А. Асылбековтікі**




*2*

*Бақшалы бауым ең,*
*Асқарлы тауым ең,*
*Аяусыз ажал қойды ма?*
*Қалайша қидым мен,*
*Қалайша сыйдың сен,*
*Қараңғы жердің қойнына.*
*Мәңгілік нұр болып,*
*Менімен бір болып,*
*Қасымда неге қалмадың.*
*Деседе үзілдің, өшпейтін ізіңмін,*
*Анашым - әппақ арманым.*

# ҚАЗАҚТЫҢ КЕҢ ДАЛАСЫ-АЙ!

**Сөзі Ш. Сариевтікі**




*1*

*Көңілден ән шыгар ма толгамаса,*
*Болсам деп самгай өстім ел баласы-ай.*
*Қаласың сен мәңгілік мен жолаушы*
*Киелі қазагымның кең даласы-ай*

*2*

*Әуенмен әуелетіп жалгады көк,*
*Жұлдыздай үмітімнің жанганы көп.*
*Жаралган әрбір перзент жүрегіндей,*
*Қазақтың кең даласы-ай арманы көп.*

# ӨМІРЛІК ӘНІМ БОЛШЫ

**Сөзі Ш. Сариевтікі**




*2*

*Кеудеме бүршік жарып,*
*Келген бір көктем бе едің?*
*Жаныма тылсымды алып,*
*Ғайыптан жеткен бе едің?*
*Аққудай көгімде ұшқан,*
*Ақ қанат құсым ба едің?*
*Сезіммен өмір құшқан,*
*Жүрегім арман менің.*

2

*Түсіме енесің де,*
*Жақындап келесің де.*
*Кетесің сағымданып,*
*Әлде бұл елесің бе?*
*Мен жалғыз қала берем,*
*Махаббат кемесінде.*
*Шыңдағы шынарым-ай,*
*Қол жетпес құмарым-ай.*

3

*Тәнімді тербегендей,*
*Жанымды емдегендей.*
*Бір күш бар таңғажайып,*
*Сен десе селдегендей.*
*Бейтаныс бақыт құсым,*
*Сезінші сен де мендей.*
*Шыңдағы шынарым-ай,*
*Қол жетпес құмарым-ай.*

4

*Бір шың бар арамызда,*
*Бір сыр бар санамызда.*
*Тек сырттай ғашық болып,*
*Тіл қатпай қаламыз ба?*
*Табысып әлде біздер,*
*Бақытты боламыз ба?*
*Шыңдағы шынарым-ай,*
*Қол жетпес құмарым-ай.*

# ШЫҢДАҒЫ ШЫНАРЫМ-АЙ

Сөзі А. Асылбековтікі



# ӨМІР

**Сөзі Ш. Сариевтікі**




*2*

*Жалғаннан да жалықтым,*
*Сан мұңайдым зарықтым.*
*Сан қайғырдым қамықтым,*
*Сонда да өмір разымын,*
*Сүйем сені жарық күн.*

*3*

*Үміт ұзап аңсаған,*
*Қиындықтан самсаған.*
*Кезім болды шаршаған,*
*Сонда да өмір разымын,*
*Алғысым көп бір саған.*

# ӨЗІҢ ҒАНА

**Сөзі Қ. Қазыбековтікі**




*2*

*Өзіңменен құлпырады,*
*Өміримнің жаз жайлауы.*
*Нәзік сезім бұлқынады,*
*Ашылғандай сыр қойнауы.*

*3*

*Ойымдағы асқар тілек,*
*Қимас назын артады.*
*Саған деген іңкәр жүрек,*
*Мені өзіңе тартады.*

# ЖАНЫМ-АУ НЕ БІЛДІҢ?

**Сөзі Ә. Дастанұлынікі**




*2*

*Бұралып қыпша бел үзілген,*
*Ақ тісің, ақ маржан тізілген.*
*Бір қарап еркімді жаулаған,*
*Көремін күн келбет жүзіңнен.*

*3*

*Үнің бар аққудай сызылған,*
*Естісем көңілім бұзылған.*
*Жайнаған жаным-ау мен үшін,*
*Артықсың сен хордың қызынан.*

# ӘППАҚ ҚАРЛАР

**Сөзі А. Асылбековтікі**




*2*

*Әппақ — ана мейір,*
*Әппақ — адал пейіл, әппақ қарлар.*
*Әппақ ынтық жүрек,*
*Әппақ ізгі тілек, әппақ қарлар.*
*Ай нұры да әппақ,*
*Айдыным да әппақ, әппақ қарлар.*
*Әппақ барлық әлем,*
*Ақ көңілден сәлем, әппақ қарлар.*

# ОЙЛАСАМ СЕНІ

**Сөзі Ә. Дастанұлынікі**




*2*

*Не дауа жүрегіме жараланган,*
*Алыстап, көшкен бұлттай барады арман.*
*Жаным-ау, тым болмаса бір көрінші,*
*Пірімдей қысылганда пана болган.*

*3*

*Ширкін-ау, бұл дуние өкініш пе?*
*Үрлеймін өкініштің отын іште.*
*Жолымыз болды біздің екі басқа,*
*Опасыз тагдыр деген осы кушпе?*

# ЖАН БАЛАМ

**Сөзі Ә. Дастанұлынікі**




*2*

*Алтын мамам, жарқын мамам — анашым,*
*Бүкіл әлем сенен табар жарасым.*
*Дүниенің сенсің алтын арқауы,*
*Бәрінен де сен дана боп қаласың.*

*3*

*Айналайын балдан тәтті жан балам,*
*Бақытыма аман жүрші жан мамам.*
*Кел қосылып ән шырқайық бәріміз,*
*Осы әнімді өзіңе мен арнагам.*

# ЖАН СЫРЫМ

Сөзі Ф. Оңғарсынованікі




2

*Өзіңді мен көрмегелі,*
*Көңілім сергелдең еді.*
*Үзілмей күдерім менің,*
*Іздейді жүрегім емін.*
*Арнаумен жанымның әнін*
*Өткіздім таңымның бәрін.*
*Қайдасың, сағындым жаным,*
*Қайдасың, сағындым жаным.*

# ТОЙҒА ШАШУ

**Сөзі Ш. Сариевтікі**




*2*

*Тойға шашу шашайын әніммен,*
*Дәстүр салтты жасайын сәніммен.*
*Қайда болсын ізгілік ізді ойлайық,*
*Толқып-тасып бір жасап, біз тойлайық.*

*3*

*Бақыт-ырыс мереке той дегенің,*
*Байлық-дәулет береке той дегенің.*
*Қабыл болсын жалғасып жұбанышың,*
*Елмен-жұртпен тойлаған қуанышың.*

# ҚҰШТАР КӨҢІЛ

**Сөзі Қ. Мырза-Әлидікі**




2

*Жылжымай уақыт тұрмайды,*
*Зулайды және зырлайды*
*Алдыңда тұрған арудың*
*Алыстығы да бір қайғы*

3

*Сезімім ішке сыймайды,*
*Жыр болып неге құймайды.*
*Қарт өмірменен жас көңіл,*
*Қосылып мені қинайды.*



*Дирижер, КСРО-ның, Қазақстанның халық артисі, профессор Шамғон Қажығалиев ағамен*

*Концерттен кейін Кеңес Одағының халық артисі Бибігүл Төлегеновамен. Колонналы зал. Мәскеу. 19.02.2003*



# САҒЫНДЫМ, САҒЫМ ЖЫЛДАР

**Сөзі Ш. Сариевтікі**




Д.П.
Д.С.
Ш-р
Д.Т. 1
Д.Т. 2
Д.Б.
Д.К.
Фл.
Г.
С-най 1
С-най 2
Д-паз
Тр-к
Тар-ки
Бубен
Крб-ка
Тарелки
Д.
К. I
К. II
К.А.
К.Б.
К.К.